




FTAXP 17.71.07

<https://doi.org/10.63051/kos.2024.4.216>

¹Туякбаев Г.А.  ²Ботабаева Ж.Т.  ³Башенова Ә.М. 
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
E-mail: ¹turmagambet@mail.ru, ²janat_kz_83@mail.ru, ³alinur81@mail.ru

ТҮРКІ ТІЛДЕС ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖЕЛІЛЕС ТОПОНИМДІК АҢЫЗДАРЫНДАҒЫ 40 САНЫ ЖӘНЕ ҚЫЗ МҰНАРАСЫ

Аңдатпа. Түркі халықтарының топонимикалық аңыздарын жинақтап, түркілік дүниетаным тұрғысынан зерттеу – көптеген ортақ тарихи-танымдық, дәстүрлік-эстетикалық құндылықтарды анықтап-білуге жол ашары сөзсіз. Жер-су атаулары мен оған қатысты аңыздар, ең алдымен, белгілі бір тарихи кезеңнен, ортадан, дәстүр-салттан хабар беріп жатса, екіншіден, халықтың қоршаған ортаны танып-бағалаудағы ұлттық-көркемдік ойлау дәрежесі, ұшқыр фантазиясымен байланысты. Түркі халықтарының топонимикалық аңыздарында ортақ сюжет, тақырыптық-идеялық ортақ аңсар, наным-сенім, көркемдік деталь бірліктері көрініс береді. Аңыздардағы жиі қолданылатын көркем детальдер сырының бәрі бірдей көпшілікке белгілі емес. Мәселен, Қорқыт ата аңыздарына қатысты жиі қолданылатын 40 санының сыры неде? Бірсыпыра топонимикалық аңыздарға ортақ «Қыз мұнарасы» желісінің нені білдіреді? Мақалада осы және өзге мәселелерге көңіл аударылып, жер-су аңыздарындағы түркі халықтарының ой-таным, наным-сенім бірлігі зерделенеді. Орта Азия түркі халықтарының топонимикалық аңыздары XIX ғасырдан бастап шығыстанушы ғалымдар тарапынан жиналып, зерттеле бастағанмен, көбіне жанрлық, тақырыптық, стильдік, тарихи-танымдық сипаттарына көңіл аударылған болатын. Қазіргі түркі халықтарының тұтастануы күн тәртібінде тұрған уақытта тақырып өзектілігімен, практикалық мәнінің құндылығымен ерекшеленеді. Бұл бағыттағы зерттеу жұмыстары түбі бір түркі халықтарының тарихи-генетикалық, мәдени-рухани байланысын, ой-таным жүйесінің туыстығын ғылыми тануға мүмкіндік береді. Мақалада бауырлас түркі халықтарының топонимикалық аңыздарын зерттеуде тарихи-танымдық, тарихи-салыстырмалық әдістер қолданылды.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Шетелдердегі (Ресей, Қытай, Монғолия) қазақ топонимикалық аңыздары: типологиясы, генетикасы және поэтикалық ерекшелігі» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (тіркеу нөмірі AP19678046).

Түйін сөздер: Қазіргі түркілік дүниетаным, топонимикалық аңыздар, ортақ сюжет, деталь бірліктері, топонимдер, фольклор, топонимикалық атаулар.

Кіріспе

Аңыз-әңгімелерде жер-су атауларына қатысты туындылардың орны ерекше. Жер тарихы – халық жадында сақталып, ғасырдан ғасырға жалғасқан ел шежіресі. Топонимдік аңыздардың шешімін тапса, тарихтың тереңінен сыр шертер жұмбақ-қазынасы мол. Төрт түліктің қамымен кең даланы еркін жайлаған ата-бабаларымыз қай жерге қашан және қандай жағдайда қоныстанды, сол орында қандай тарихи оқиғалар болды, айтулы ел тұлғалары қандай өсиет-ісімен дараланды, өмір-тіршілігі мен саяси-әлеуметтік жағдайы қандай болды тәрізді сан салалы сұрақтардың жауап іздері осы фольклорлық мұралардан табылады. Әсіресе ақынжанды, тілге жүйрік, ойы ұшқыр қазақ халқының жер-суға қойған атауларының сыры терең. Одан халықтың тарихи жады, жаратылысты танудағы эстетикалық таным байлығы, ғасырдан ғасырға жалғасқан ұлттық болмыс-бітімі танылады. Сондықтан жер-су

атаулары, оған қатысты аңыз-әңгімелерде халықтың арман-тілегі, еркін рухы, мінез-құлқы мен асқақ сезімі, өмірге ынтызар күш-қуаты мен азаттық жолындағы күресі бейнеленіп жатады. Топонимдік аңыздардың тарихи-танымдық мәні мен тағылымын зерттеу фольклортану және тіл біліміндегі өзекті мәселе саналады.

Қазіргі уақытта топонимдік аңыздарды жалаң алмай, түбі бір түркі халықтарының ой-танымындағы өзара байланыс пен тұтастықты тануда тарихи-түбірлестік, тарихи-типологиялық тұрғыдан зерттеу, салыстыра қарастыру маңызды. Өзекті мәселеге қатысты жекелеген ғалымдардың мақалалары жарияланды. Түркі халықтарының алуан түрлі фольклорлық туындылары жинақталып, көптомдық кітаптар болып басылып шығуда. Мұның өзі топонимдік аңыздарды салыстыра зерттеуге қолайлы мүмкіндік жасайды. 2002 жылы Түркияда шыққан 9 томдық «Türk Dünyası Edebiyat Tarihi» атты ұжымдық зерттеу түркі халықтары әдебиеттануы мен фольклортануын жаңа белеске көтерген еңбек болды (Sadık, 2002). Кітаптың 2-ші томы түркі халықтарының ауыз әдебиеті, аңыздар, аңыз-әңгімелердің қалыптасуы мен дамуы туралы зерттеулерге арналған. Қазіргі уақытта түркі руханиятының ішкі құрылымына, ішкі дүниесіне түркілік дүниетаныммен тереңдеп кіру түркология ғылымындағы маңызды қадам деп білеміз.

Зерттеу әдістері мен материалдары

XXI ғасырда фольклортану ғылымында жаңаша ізденістер мен зерттеулер жүргізіле бастады. Академик С.Қасқабасовтың 2009 жылы жарыққа шыққан «Ойөріс» атты кітабында «Қазақ фольклорының тарихы» – өз концепциясы бар, ешбір саяси-идеологиялық ұстанымға ұрынбай, сөз өнерінің ұзақ мерзім бойы өзгеру, жаңару жолдарын барынша объективті түрде талдаған, ғылыми жағынан нанымды әрі құнды еңбек деп айтуға болады» (Қасқабасов, 2009: 3) деді. Мұны қазіргі фольклортану ғылымына берілген баға деп қабылдауға болады. Қазіргі уақыттағы фольклортану ғылымындағы басты жаңалық – түркі халықтары фольклорлық туындыларын тұтас, өзара байланыста қарастыру тенденциясының қолға алынуында.

Түркияда шыққан 9 томдық «Türk Dünyası Edebiyat Tarihi» атты ұжымдық зерттеу еңбек – осының көрінісі (Sadık, 2002). Кітаптың 2-ші томында әлемдегі жиырмадан астам түркі халықтарының аңыздары туралы белгілі фольклортанушы ғалымдардың зерттеулері берілген. Онда аңыз-әңгімелер әдеби, тілдік ерекшеліктері сараланып, маңызды ғылыми тұжырымдар ұсынылған.

Отандық фольклортанушылар Ш.Ыбыраев, С.Бахадырова және Б.Рахымовтың құрастыруымен жарық көрген «Түркі халықтарының фольклоры» еңбегінде отызға жуық түркі халықтарының фольклорлық мұралары қамтылған. Жинақтың мақсаты да түркі халықтарының рухани жақындығын, туыстық бірлігін аңдату болған. Бұл жөнінде белгілі ғалым Ш.Ыбыраев: «Туысқан халықтардың фольклорына арналған еңбекті шығарудағы басты мақсат: тұтастай белгілі бір аймақта емес, бірі шалғай, енді бірі жақын жатқан түркі халықтарының тілімен қатар, олардың рухани қазыналарының ұқсас, сарындас келуінің сырын аңғарту болған», – дейді (Ыбыраев, Бахадырова 2009: 111).

Профессор Б.Рахымов «Түркологияға жаңа бағыт пен соны серпіліс керек» атты мақаласында бұл ойды жаңа бағытпен өрістете түседі: «Түркітану ілімінің негізі ерте қаланса да туысқан халықтардың бір-бірімен жақындығы, рухани құндылықтарының ортақтастығы жайлы сөз арасындағы айтылған пікірлер болмаса салыстырмалы түсініктер кең көлемде жүзеге асырылмады. Әрбір түркі халықтары бұл тұрғыдан ойлану керектігі бүгінгі уақыт талабы, ғасырлар тоғысының үкімі мен үзілген үзілген тарихтың алға бастар үкілі үміті екендігі анық. Олай болмаса жаһандану кезеңінің жемсауына оп-оңай тұтыласың. Фольклортану ғылымында типологиялық, поэтикалық зерттеудің арнасын келер уақытта түркі әлеміне бұрып, тұтастай талдауларды қалыпты контексті-реконструктивтік әдістер мен семиотикалық тәсілдеріне жүгінсек ғылымда ілгерілеушілік болары айтпасак та түсінікті», –

дейді (Рахымов, 2024). Ғалым түркология саласындағы маңызды мәселені көтеріп отыр. Түркология жекелеген түркі халықтарының мұраларын жекелік тұрғыдан зерттеумен шектелмей, олардың ішкі бірлігіне, ортақ құндылықтарына аса мән беру қажеттігін ортаға салады. Бүгінгі уақыт өте қатал. Жаһандану шағын халықтарға үлкен қауіп туғызуда. Саны аз халықтың жұтылып кету қаупі орасан. Ал жұтылмаудың бірден-бір жолы – туыс халықтардың рухани, мәдени тұрғыдан тұтастануы. Түбі бір тарихи жадты нығайту, тілдік туыстықты арттыру, атадан қалған ортақ дәстүр-салтты жоғалтып алмау берік қорған болмақ. Түркология ғылымының алдында, оның ішінде мақала объектісі топонимикалық аңыздарды зерттеуде осы мәселені ескеру маңызды.

Г.Ж.Таймова түркі халықтарының ауыз әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың трансформациялануы туралы өзекті мәселелерді қозғайды. Ол түркі тілдес елдердің шығу тарихын, әлеуметтік-генетикалық және психологиялық-моральді ортақ қырларын зерттеу – Орта Азия жерінің көпжылдық тарихын қайта жаңғыртумен тең екендігін алға тартып: «Бүгінгі таңда түркі әлемінің мәдениетін, саяси-әлеуметтік, этностық, әдеби жан дүниесін зерттеп қарастыру өте маңызды. Түркі фольклорын дүниежүзілік жарияланымға алып келу – қазіргі заманның басты міндеті. Түркі ұлттарының бірлігін қайта көрсету – қазіргі ауыз әдебиетіндегі басты проблемалардың бірі», - дейді (Таймова, Бегманова 2022: 180). Бір мақала көлемінде аталған мәселелердің толық ашылуы мүмкін емес болғанмен, іргелі зерттеулердің алғышарты екені сөзсіз.

Түркілік тұтастықты жаңғырту мәселесінен тіл білімі саласы да шет қалмайды. «Түркілік интеграциядағы тіл мәселесі туралы» атты мақала авторы қазіргі түркілерге ортақ түп мәдениет негіздерін кешенді ғылыми зерттеуге ұмтылыс жасаған (Мамаділ, 2019: 118-123).

Қазіргі фольклортану, әдебиеттану, лингвистика ғылымдарындағы түркілік ортақ мәдениетті сөз еткен зерттеулерге жасалған шолудан мәселенің өзектілігі, маңыздылығы танылады. Бұл бағыттағы жұмыстардың бастамасы бар. Зерттелуге тиіс тақырыптар да ауқымды. Мұндағы басты ғылыми принцип – мәселеге тұтас түркілік көзқараспен келу. Мәселенің осылай қойылуы алдағы іргелі зерттеулерге жол ашады деген сенімдеміз.

Талқылау

Түркілерге ортақ түп мәдениеттің негізі фольклор мұраларында жатыр. «Бір кезде патша өкіметінің, одан бергі жерде тоталитарлық жүйенің зұлым саясаты салдарынан өзара байланысы жойылып, бөлшектеніп, бір-бірінен жат болып кеткен туысқан халықтардың қайта табысуына, ежелгі жақындықтарын еске түсіруіне фольклор өз тарапынан септігін тигізе алатыны кәміл», – деген ғалым пікірі қазіргі түркі халықтары ғылымының алдында тұрған өзекті міндетті айқындайтындай (Бердібай, 2005: 56). Сондықтан фольклортануда түркі халықтарына ортақ мұраларды қазіргі көзқараспен қарастыру арқылы біз түркілік біртұтастықты негіздей аламыз. XX ғасырдың басында бұл мәселенің негізі қаланған болатын. «Өткен ғасырдың бастапқы жылдары түркі халықтарының ауыз әдебиетін жинау арқылы біршама жетістіктерге ие болды. Әртүрлі ұлттар әдеби материалдарының нұсқаларын зерттеу, қағаз бетіне түсіру арқылы сапасы бар еңбектер орындалды. Қазақ және әлем саяхатшылары мен ғалымдары аңыздар мен әпсаналарды түркі ұлттарының шығу тарихы, тіршілігі мен ғұрып фольклорының көрінісі ретінде мойындап, оларға қатты қызығушылық таныта бастады» (Таймова, Бегманова 2022: 180).

Фольклор – көне замандар тереңінен нәр алып, өзінің озық үлгілерінде халықтың көркемдік-эстетикалық, философиялық, моральдық-этикалық дүниетанымын шырқау биіктерге көтерген синкретті сөз өнері. Ол ғасырлар бойы еліміздің мәдениеті мен рухани келбетін өркендетудің негізгі формасы болып келді (Классикалық зерттеулер, 2012: 33). Фольклорға берілген осы ғылыми анықтама біз сөз етіп отырған аңыз табиғатын да толықтай

ашады. Аңыз өмірде, ұлт тарихында болған оқиғалар мен тарихи тұлғалар, сонымен бірге жер-су, мекен атауларының тарихы туралы айтылатын фольклорлық шығармалардың прозалық түрі. Топонимдік аңыздар – халқымыздың көркемдік-рухани қазынасы – ауыз әдебиетінің ең маңызды үлгісі. Онда сан ғасырлық бастан кешкен оқиғаларының жаңғырығы, тарихи дәуірлерде қалыптасқан халқымыздың көзқарасы мен өмірлік ұстанымы, дүниетанымы, наным-сенімі айқын бедерленген. Біздің мақаламызға ғылыми арқау болып отырған түркілік дүниетанымның көрінісін де топонимдік аңыздардан таба аламыз. Өкінішке орай, бірді-екілі ғылыми мақалаларда жанама айтылып кеткені болмаса, топонимдік аңыздардағы түркілік дүниетаным мәселесі арнайы зерттеудің нысанына айнала қоймаған. «Түркі халықтарына ортақ саналатын ежелгі эпикалық дәуір және оның аңыз, әпсана, ертегілердегі көрінісі туралы арнаулы зерттеулер жоққа тән. Бұл ретте біз жекелеген мақалаларды ғана атай аламыз» (Бердібай, 2005: 8). Әрине, бұл бағытта ғылым тоқтап қалды, ешқандай зерттеулер болмады деп айта алмаймыз. Біз жоғарыда түркі халықтарының фольклорлық мұраларының, соның ішінде аңыз-әңгімелердің жиналуы мен зерттелуі туралы айттық. Осы тақырыпқа арналған біршама ғылыми еңбектерге шолу жасай отырып, олардағы негізгі тұжырымдарға тоқталып өттік. Дегенмен, қазақ фольклортанушысы, академик Р.Бердібайдың пікірі орынды айтылған деп ойлаймыз. Өйткені туысқан халықтардың фольклорлық мұраларындағы үндестік, ұқсастық мәселесі туралы көбінесе ғалымдар эпостық шығармаларды негізге алып келді. Олардағы басты кейіпкерлер, сюжет, мотив тағы басқа мәселелер туысқан халықтардың өмір тіршілігі, шаруашылығы, өзара байланысы, территория тұтастығы аясында, яғни тарихи-генетикалық тұрғыдан қарастырылды. Ал аңыз-әңгімелердегі, соның ішінде топонимдік аңыздардағы үндестік, ұқсастық туралы ғалымдар пікірі «Аңыз дегеніміз – бір мекеннің, жергілікті жердің, я болмаса бір елдің, тайпаның, рудың ауызекі шежіресі (устная хроника), бір аймақта болған оқиғаның әңгімесі. Сондықтан аңыздардың сюжеті көп жағдайда ұлттық қана болады, бір елдің аңызы екінші елге ауыспайды, тіпті аңыздың көпшілігі аймақтық (локальный) қана болады.

...Аңыздар бір халықтан екінші халыққа ауыспайды дегенде ескеретін нәрсе – бір аймақта отырған екі халықтың аңызы бір-біріне ауысуы мүмкін, бірақ ол кең жайылмайды. Сонымен қатар көрші тұрмайтын әр жақтағы екі-үш елдің де аңыздары ұқсас болуы ықтимал. Алайда, мұндағы ұқсастықты тарихи-типологиялық деп білу керек, өйткені тұрмыс-тіршілігі, жүрген ортасы, наным-сенімдері ұқсас елдерде бір типтес сюжеттер пайда бола беретіні белгілі», - деген пайымдаудың төңірегінде болды (Қасқабасов, 2009: 170-171).

Әрине, ғылымда бір мәселеге деген біржақты көзқарастың немесе пікір алуандығының болуы заңды. Дегенмен ауыз әдебиеті мұраларын тек сөз өнерінің үлгісі ретінде қарау көп жағдайда тек әдеби ерекшеліктерін айқындауға ғана мүмкіндік береді. Шын мәнінде, фольклорды халықтың этнографиясымен, дүниетанымымен, яғни ұлттық философиясымен бірге, тұтас қарастырғанда ғана оның бойындағы барлық қасиетті аша аламыз. Соның ішінде туыстас халықтардағы түбірлестік, сарындастық мәселесінде ұлттық дүниетаным алға шығуы тиіс деп ойлаймыз. Өйткені «Қазақ халқының рухани болмысына тарихи тұрғыдан көз жіберер болсақ, сонау ықылым заманнан бастап, күні бүгінге дейінгі аралықта біртұтас көзқарастың ұлт менталитетінің негізінде жатқанын байқаймыз. Оның іздері фольклорда, ұлттық философиялық дейгендегі ойлау жүйелерінде, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерде, поэзиясы мен өнерінде, діни сенімдері мен салт-дәстүрлерінде көптеп кездеседі» (Қазақ халқының философиялық мұрасы, 2006: 482). Ендеше, топонимдік аңыздар тек аймақтық сипатқа ие деген пікір де ойлануды қажет етеді. Мәселен, «Қырық қызға» байланысты жер атауы және оған байланысты туған аңыздар қазақ, қарақалпақ, түрік, қырғыз халықтары арасында кездесуі біздің топонимдік аңыздар аймақтық сипатқа ие деген пікірге қосыла алмайтынымызды дәлелдейтіндей. Сонымен бірге бұл ұқсастықтың сыры тек тарихи-типологиялық, тарихи-генетикалық, тарихи-мәдени тұрғыдан болмаса керек. Наным-сенім,

дүниетаным ұлттық ойлауға, ұлттық санаға әсер етпей қоймайды. Ал ұлттық ойлау мен ұлттық сананың ең бірінші көрінетін жері – өнер, соның ішінде сөз өнері. Біз сөз етіп отырған «Қырық қыз» туралы жер атаулары мен аңыздар да осыны көрсетеді.

Қорқыт ата туралы аңыздардың ішінде басқа түркі халықтарында көп кездесе қоймайтын аңыздың бірі - «Қорқыт пен қырық қыз» аңызы: «Қайда барса да алдынан «Қорқыттың көрі» шыға берген Қорқыт ата жерде тұру қорқынышты болған соң, су үстінде тұрып көрейін деп, кілемін Сырдарияның бетіне төсейді. Кілемнің үстінде отырып мұңлы күйлер тартады. Сарнап шыққан Қорқыт қобызының даусын естігенде өзен бойында отырған елдер үйінде шыдап отыра алмайды. Олар тобымен өзеннің екі жағалауына жиналып, Қорқыттың күйін емірене тындайды. Қобыздың дауысы кешкіқұрым Сырдариядан алыс жатқан Арқадағы елдерге де жетеді. Қобыз дауысымен елегізген Арқаның қырық қызы Қорқыттың күйін тындауға құмартып үйлерінен жүгіре шығады. Басында қобыздың даусы жақыннан шыққан сияқты еді, бірақ қыздар күндіз-түні жүріп жете алмады. Бетпақтың шөліне кездеседі. Жол-жөнекей ел таба алмай, 39 қыз өкпесі өшіп өледі. Тек қырқыншы қыз аяғынан айрылып, Сыр жағасына жетіп, Қорқытты көріп өледі» (Тұяқбаев, 2018: 25). Қызылорда облысы Қармақшы ауданы аумағындағы Қорқыт ата қорымында Қорқыт мазарына жақын жатқан «Ақсақ қыз бейіті» осы қырқыншы қыздың мүрдесі. Жалпы Қорқыт ата аңыздарында қырық санының өте жиі қолдануы туралы: «Деде Қорқыт хикаяларында қырық саны 98 рет қосымшасыз, бір рет қосымша ретінде қолданылған», – деген (Sakaoglu, 1998: 45-50) ғалым сөзін еске алатын болсақ, жырдан тыс Қорқыт ата туралы аңыздарда да түркі халықтары үшін киелі болып саналатын «қырық» санының кездесуі тегін болмаса керек-ті.

Қазақстанның Түркістан облысы аймағында «Қырық қызға» байланысты бірнеше аңыз желілері кездеседі. Қазығұрт өңіріндегі аңызда: «Бұрынғы жаугершілік заманда жау шапқыншылары Қарабау суына шомылып, алаңсыз серуендеп келе жатқан 40 қызды көріп, соңдарынан қуса керек. Сонда қыздар Құдайға: «Елімді, жерімді жауға таптатқанша, мына жауды да, бізді де тасқа айналдыр!», -деп жалбарынған екен. Қыздардың тілегі қабыл болып, жау әскері де, қыздар да тасқа айналады», – дейді (Қырыққыз тас мүсіні туралы аңыздар, 2024).

Қырық қыз туралы екінші аңыз Өгем – Тәңіртаудың ірі сілемдерінің біріне қатысты: «Осы өңірде бір байдың қызы бойжетіп, бесікте жатқанда атастырылып қойған жігітіне ұзатылатын күн де келіп жетеді. Күйеу жігіттің келер шағында ауыл қыздары алдынан шығады. Кенет елге жау шабады. Қалың ел аяқ астынан дүрлігіп, қолына қару ұстауға жарайтын ер-азаматтың барлығы атқа қонып жатады. Бірақ тұтқиылдан тап берген жау олардың басын біріктірмей, тоз-тоз етіп, қанға бөктіріп, қынадай қырып салады. Сол кезде күйеу жігітті күтіп аламыз деп шыққан қыздар шың басында жылап, еңіреп тұрып: «О, Жаратқан ием, жеріміз отқа оранды, еліміз күлге айналды. Енді бізді жау қорлығынан құтқарып, тасқа айналдырып жібере гөр», – деп зарлап, құдайға жалбарынған екен. Қыздардың тілегі қабыл болып 40 қыз тасқа айналып кетеді.

Бір өңірде болғанымен екі тау сілемінде орналасқан «Қырық қыз» атауымен аталатын жерге байланысты екі аңыз желісі бір-біріне жақын. Ал тағы бір аңыз Ұлытау өңіріндегі «Қырық қыздың моласы» деп аталатын жер атауына байланысты. «Жоңғар-қазақ соғысы кезінде бір ауылдың еркектері түгел соғысқа аттанады. Ауылда тек қыз-келіншектер, шал-кемпір, бала-шаға қалып қойыпты. Сол бейқам жатқан ауылдың үстіне жау әскері шығып, еркегі жоқ ауылды қантөгіссіз басып алыпты. «Әй дейтін әже жоқ, қой дейтін қожа жоқ» жау әскері ойларына келгенін істейді. Бүкіл ауылдан ең жас, ең сұлу қыздардан таңдап 40 қызды қатын қылуға айдап кетпекші болады. Сол 40 қыздың ішінен ең батылы шығып қыздарға: «Біздің аға бауырларымыз, әкелеріміз жан алып жан беріп соғысып жатыр, біз болсақ жауға қатын болып барайын деп жатырмыз, бүйтіп қорлықта өмір сүргенше өлгеніміз артық», –

депті. Сөйтіп 40 қыз бір ауыздан өлу туралы шешім қабылдайды. Жау әскерінің қолбасшысына барып: «Туған жерімізбен қоштасайық, ауыл маңындағы көлге бір шомылып келуге рұқсат етіңіз» деп сұраныпты. Сөйтіп 40 қыз қол ұстасып көлге кетіп, батып өледі. Қыздардың бұл қылығын көрген жоңғардың төбе шашы тік тұрады. Сонда жоңғарлардың айтқаны: «Мына қазақ намысшыл халық екен. Ар-намысын таптатпас үшін қыздары өздерін өлтірді. Егер осы ауылдың еркектері келсе бізбен не болады?» – деп қорқып жоңғар әскері ауылды босатып кетіп қалыпты», – дейді.

Бірінші Қорқыт күйінің әуеніне елітіп шыққан 40 қыз туралы аңызда өнерге деген сүйіспеншілік пен әйел затына тән төзімділік, жігер көрінсе, соңғы үш аңызда да намыс, туған жерге деген махаббат, оны қадірлеу мен құрметтей білу сияқты адами қасиеттер дәріптеледі.

Ал Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Іңкәрдария ауылынан 20-25 шақырым жердегі «Қырық қыздың» қорғанын ел аузындағы аңыз Алпамыс батырдың сүйген жары Гүлбаршын есімімен байланыстырады.

Қырық қыз туралы аңыз көрші қырғыз фольклорында да кездеседі. «Қырық қыз» туралы аңыздың бірі «Мұзарт тауы» деп аталады. Мұзарт қырғыз еліндегі тау аты, мұзды тау дегенді білдіреді. Ол Нарын облысының Жұмғал ауданы мен Қошқарата тауының ортасында тұр.

«Өткен заманда қырық қыз Қошқарата жаққа тойға бармақшы болып, Жұмғал жақтан шығады. Олар ауылдан шыққанда аспан ашық, тауда шөкімдей де бұлт болмайды. Қыздар тойға барамыз деп, сәнденіп, жеңіл-желпі киініп шығады. Бұлар ауылдан қозыкөш ұзап шыққан соң биік таулардың басына көтеріледі. Сол кезде қарсы беттен ақтүтек боран соғып, айналаны сұрғылт тұман басады. Сол сәтте қырық қыз бастарын түйістіріп, біріне-бірі ықтап, қорғана бастайды. Бірақ, иесіз тауда оларды кім аясын, таудың іші ұлыған үрейлі үнге толып кетеді. Сол жерде Мұзарт тауының басында қырық қыздың 39-ы мұзға айналып, тек түйе жүн, жыртық шапан киген кедейдің қызы ғана аман қалыпты».

«Қырық қыз» аңызына байланысты фольклортануда көп болмағанымен зерттеулер бар. Солардың бірі «Great silk road legends and myths: «Forty legendary girl» атты мақалада: «1938 жылы Хорезм аумағында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде Бируни қаласынан (Өзбекстан) солтүстікке қарай 27 км жерде Қырқ қыз қаласының ежелгі қонысы (б.з.б. I-VI ғғ.) табылды. Ғалымдар бұл ежелгі Хорезмнің солтүстік-шығыс бөлігінің шекарасын қорғау үшін бекіністер тізбегіне енген қорғаныс бекінісі дейді. Бекіністің аты өте қызықты. «Қырық қыз қаласы» сөзбе-сөз аударғанда «Қырық қыз қорғаны» дегенді білдіреді. Бүкіл Орталық Азияда осы жұмбақ «қырық қызға» байланысты көптеген аңыздар мен мифтер бар: Термез аймағында (Өзбекстан) аттас бекініс бар.), Мерва (Түркіменстан), ұқсас жерлер Әзірбайжанда, Солтүстік Ауғанстанда және Солтүстік Иранда да кездеседі», – дейді (Beskempirova, 2019: 99). Ендеше, «Қырық қыз» атына байланысты топонимдік аңыздар біз жоғарыда мысалға келтірген аңыздардан да басқа халықтарда бар екендігіне көз жеткіземіз.

«Қырғыз» ұлты атауының этимологиясына байланысты зерттеушілер пікірі де ойланарлық. «Қырғыз ел аңызы «Қырық қыз» мақаласының авторы: «Қытайда қырғыз ұлтының пайда болуы және қырғыз атауының шығуы туралы көптеген аңыздар бар. Солардың бірі «Қырық қыз» аңызы. Сондай-ақ Қытайда жазылған «Юань Шы» (Юань кезеңінің тарихы) кітабының «Шибей дилижи» (Оңтүстік-Батыс аймақтар туралы мәліметтер) бөлімінде де осы тақырыпқа қатысты мәліметтер бар. Біз зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүргенде мен алғаш аңызды естідім. Қырғыз халқының қырық қыздан шыққаны», – дейді (Ху Чженхуа, 2024).

Ал профессор, доктор. Мерал Демирюрек «Жазба мәдениетіндегі қырық қыз туралы мифтің екі мысалына бағалау» мақаласында: «Шындығында, осы зерттеуде сөз болатын қырық қыз туралы аңыз да осы мысалдардың бірі. Қазіргі қырғыз деп аталатын түрік

тайпаларының бірінің шығу тегі мен «Қырқ қыз» атауының шығу тегін түсіндіретін маңызды аңыз болып табылатын Қырқ қыз аңызын 20-ғасырдың басында екі жазушы жазған. Бұл зерттеудің мақсаты 1918 жылы Өмер Сейфеттин мен 1927 жылы Ахмет Зухури жазған «Қырық қыз» аңызының мәтіндерін бір-бірімен салыстыра отырып зерттеу. Сонымен қатар Ахмет Зухуридін (Кеңесші) осы уақытқа дейін белгісіз болған интерпретациясын және Өмер Сейфеттин еңбегінің Қырым журналында алғаш жарияланғанын айта отырып, ұлттық мәдениет пен әдебиетке үлес қосу» (Demiryürek, 2017: 47) деп, «Қырғыз» атауына байланысты түрік халқы фольклорында кездесетін екі аңыз желісін талдай отырып, олардың жазба әдебиетіне негіз болғандығын дәлелдейді.

Біз келтірген мысалдар мен зерттеушілер пікірі «Қырық қыз» атауына байланысты топонимдік аңыздың бірнеше түркі халықтарының ауыз әдебиетінде кездесетіндігін көрсетіп отыр. Ендігі мәселе, осы аңыздардың түбірлестігі мен ұқсастығының себебі неде деген сұраққа байланысты пікір өрбіту.

Академик Р.Бердібай: «Ауыз әдебиеті шығармаларының түбірлестігі мен туыстығын кез келген үстірт ұқсастық белгілемейді, сәйкестіктер заңдылығын ашу үшін күрделі де салдарлы принциптер қажет болады. Сондай себептер мен сипаттарды ескере келіп, фольклортану ғылымы типологиялық жақындықтың үш түрін екшеп көрсетеді. Олар: тарихи-генетикалық, тарихи-мәдени және тарихи-типологиялық үндестіктер мен сарындастықтар», – дейді (Әбілқасымова, 2007: 142). Әрине, бұл үш тип фольклортану методологиясында өз нәтижесін берді. Әсіресе, эпостық шығармалардағы сарындастық мәселесін ашуда ғалымдар осы методологияға көбірек жүгініп келді. Дегенмен жоғарыда айтып кеткеніміздей, аңыздардағы сарындастық сырын ашуда ұлттық дүниетаным мәселесін негізге ала отырып қарастырудың да маңыздылығын ескеруіміз керек. Өйткені: «Қазақтың ұлттық дүниетанымының қалыптасуы мен дамуының өзіндік тарихы бар, ол жалпытүріктік тұтастық қойнауында өзінің қызметін атқарады; қазақтың дүниетанымы оның дәстүрлі және қазіргі формаларының бірлігі» (Тәуелсіз Қазақстан философиясы, 2006: 235). Ендеше, біз сөз етіп отырған мәселеде бірінші кезекте түркі халықтары үшін киелі саналатын «40» санының сырына үңілуіміз керек сияқты. Өйткені «Қырық» саны түркі халықтарында ежелгі дәуірден келе жатқан ескерткіштер мен қолжазбаларда, әдебиет мұраларында кездеседі. Мәселен, «Қорқыт» жырындағы «Тоқақожаұғлы ер Домрул» тарауында қырық жігіт кездесе, қырғыздың атақты «Манасында» батыр қырық жолдасымен жүреді. Бірақ қырық санының этимологиясы, қандай қасиетке ие екендігі, ерекшелігі туралы жазба деректерде кездесе бермейді. Осыған қарап түркі халықтарында қырық саны наным-сенімге байланысты екендігін болжауға болады. Өмірден өткен адамды жерлеп болған соң қырық қадам шығып құран оқу, қырық күннен соң еске түсіріп қырық беру, нәрестені қырық қасық суға шомылдыру, қырықтан шығару т.б. әдет-ғұрып, салттардың ар жағында сенім жатқаны белгілі.

Академик Әлкей Марғұлан «қырық» саны күштіліктің, беріктіктің белгісі. «Қырық рулы ел», «қырық нөкер», «қырық дос», «қырық шора», «қырық уәзір» деген ұғымдар осыны білдіреді дейді. Ал Мифолог С.Қондыбай: «Қырық – көп жағдайда кез келген өлшемнің (уақыттың, кеңістіктің, әрекеттің т.б.) ең шеткі, ең соңғы межесі, шебі, шекарасы. Қырықтан шығару және қырық беру. Осы екі ғұрыптық түсініктің идеясы ортақ. Бұл жерде біз екі дүниенің арасын ажыратып тұрған әлдебір шекараны көріп отырмыз. Адам баласы туғанда осы шекарадан бері қарай өтеді; ол өзінің о дүниелік киімін («ит көйлегін») шешеді (яғни о дүниенің күзетшісі болған итке береді, «ит жанын» қалдырады, ит кейпінен адам кейпіне ауысады), оның орнына бұл дүниенің киімін (адам көйлегін) киеді. Өлгенде осы процесс кері бағытта жүреді: өлген адам бұл дүниелік киімін шешіп, оның орнына о дүниелік (кебін, ол да «ит көйлек») киімін киіп, әлгі шекарадан кері қарай өтеді»,–дейді (Қондыбай, 2008: 132-136). Біз келтірген мысалдардағы 40 қыз өмірінің трагедиямен аяқталуы 40 саны туралы

С.Қондыбай пікірімен байланысатындай көрінеді. Өмір мен өлімнің, жақсылық пен жамандықтың, мейірім мен қатыгездіктің шекарасын ұғындыру үшін осы санды таңдап алғандай.

Зерттеу нәтижелері

Наным мен сенім, дүниетаным – философиялық категория. Кез келген ұлттың дүниетанымы оның өнері мен мәдениетінен, тілінен, ділінен көрініс табады. Осы ретте фольклордың ғасырлар тезінен өткен ұжымдық еңбек екенін ескерер болсақ, ауыз әдебиетінің барлық жанрларында, соның ішінде аңыз-әңгімелерде ұлттық дүниетанымның жатуы заңды. Ендеше, «Қырық қызға» байланысты топонимдік аңыздардың арасындағы сабақтастық, түбірлестік, ұқсастық түркілік танымда жатыр деуімізге толық негіз бар.

Көптеген түркі халықтарында кездесетін тағы бір топонимдік аңыз желісі «Қыз мұнарасына» байланысты өрбиді. Босфор бұғазындағы (Стамбул) «Қыз күлесі (мұнарасы)» туралы аңыз желісі былай дейді: «Бір балгер патшаның ай десе аузы, күн десе көзі бар сүйікті қызы он сегіз жасқа толғанда о дүниелік болады деген сәуегейлік жасайды. Оны естіген патша қызын ажалдан алып қалу үшін бұғаздағы ескі мұнараны жаңартып, өзінің ең сенімді деген адамдарымен бірге қызын сол жерге апарды.

Жан-жақтан күзет қойылып, күндіз-түні бақылауға алынады. Жыл сайын патша осында келіп, қызының туған күнін сән-салтанатпен атап өтеді. Өкініштісі, патша қызы он сегіз жасқа толған күні жағалаудан әкелген жеміс-жидектердің арасынан шыққан жылан қызды шағып өлтіреді». Содан бері «Қыз мұнарасы» аталып кеткен.

Қырғызстанның Тоқмақ қаласы маңындағы «Қыз (Бурана) мұнарасының» да аңызы түрік аңызынан алыс емес. Тіптен еш айырмашылық жоқ десе де болады. Мұнда жыланның орнында қарақұрт шағып өлтіретін хан қызы туралы айтылады: «Қызды болған хан осы қуанышына қызының болашағын білу үшін мемлекеттегі барлық балгер әйелдер мен дана адамдарды шақырған. Бір қария ханға қызының он алтыншы туған күнінде қарақұрттың кесірінен мерт болатынын баяндапты. Хан қызын қорғау үшін үлкен мұнара тұрғызуға бұйрық береді. Ханның қызметшілері тағамдарды мұқият тексеріп, себеттерге салып, қызына баспалдақтың көмегімен жеткізген. Арада біраз жылдар өткен. Қызының он алтыншы туған күніне хан себетке салынған жемістер әкеледі. Хан себетке жасырынған қарақұртты байқамаған. Ақырында қарақұрт жеміске қолын созған ханның қызын шағып өлтіреді».

Осыған ұқсас аңыздар басқа да түркі халықтарында кездеседі. Тіптен Қазақстанда бірнеше «Қыз мұнарасы» туралы аңыздар бар. Өзірбайжандағы «Қыз мұнарасы» (Бақу), Қазақстандағы «Бегім ана» (Арал), «Айша бибі» (Тараз), «Ақбикеш мұнарасы» (Созак), «Бітім» мұнарасы (Жалағаш), «Қыз моласы» (Мүлкілан әулие, Сырдария) сияқты мұнаралар туралы аңыз желілеріндегі ортақ мотивтер, ұқсастықтар біздің ұлттық ойлауымыз бен дүниетанымымыздағы, тарихи негізіміздегі тамырластықтың сипатындай.

Әрине, бір мақала көлемінде түркі халықтарының топонимдік аңыздарындағы түбірлестік, туыстық, ұқсастық мәселесін толық қамту мүмкін емес. Мұндай ортақ аңыз желілері түрік, қазақ, әзербайжан, қырғыз, өзбек халықтарында көп кездеседі. Әлемнің бірнеше елінде кездесетін Нұх Пайғамбар кемесінің тоқтаған жеріне байланысты да аңыз да түркі халықтарына жат емес. Тіпті Нұх пайғамбар кемесінің бірде Арарат, бірде Қазығұрт, бірде Жуди тауына тоқтаған деген аңыз желілері тек тау атауымен ғана ерекшеленеді.

Біз талдаған топонимдік аңыздар түркі халықтары дүниетанымының яғни, наным-сенімінің, дінге, от пен суға, сандарға т.б. өздері киелі деп санаған табиғат құпияларына деген көзқарастарының сөз өнеріндегі көрінісі. Бұл шын мәнінде, түркі халықтарының түп тамырының, ұлттық ойлау мен ұлттық санасының бір екендігінің дәлелі. Ендеше, фольклор мұраларындағы, соның ішінде аңыз-әңгімелердегі сарындастық, ұқсастық мәселесін

қарастыруда ең бірінші ұлттық ойлауға әсер ететін негізгі фактор ретінде ұлттық дүниетаным алға шығуы керек деп ойлаймыз.

Қорытынды

Топонимикалық аңыздар – халықпен бірге жасасып келе жатқан сыры терең, астары мол халық мұрасы. Жер-су аттары ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа жазып кеткен аманат хатымен тең. Отаршыл алып империялар не себепті жер-су аттарын өзгертуге, ұмыттыруға күш салды? Олар халықтың жадын бұлыңғырлауға, шаюға тырысты. Жер-су атауларын өзгертіп, күштеп басқаша жат ұғымды жапсырмалау – ұрпақтар алмасуларында жер-су иесі кім еді деген сұрақта адасушылыққа әкеліп соғуы әбден мүмкін болатын. Сондықтан жер-су атауларының, оған қатысты топонимикалық аңыз-әңгімелердің сақталуының, жаңғыртылуының, ғылыми зерделенуінің стратегиялық маңызы зор. Жер-су атаулары және соған қатысты айтылатын аңыз-әңгімелер сондай-ақ түбі бір түркі халықтарын жақындастыратын маңызды факторлардың бірінен саналады. Түркі тілдеріндегі көптеген атаулардың ортақтығы, тіл заңдылықтарының жақындығы негізі бір туыстықтың айқын белгісі болса, фольклорлық мұра, оның ішінде топонимдік аңыздар – халықтың ғасырлар бойғы арман-мұратының, дүниетанымының, салт-дәстүрі мен наным-сенімінің, тарихының жиынтық бейнесі. Фольклорлық мұралардың өзге жанрлық түрлері іспетті топонимдік аңыздарда түркі халықтарына ортақ сарындастық байқалады. «Қырық қыз», «Қыз мұнарасына» қатысты жер атаулары мен аңыздар біздің талдауымызда анықталғандай, қазақ, қарақалпақ, түрік, қырғыз халықтары арасында кездеседі. Мұндай ұқсастық кездейсоқтық па? Осы тәрізді топонимдік бірліктерді салыстыра зерттесе, басқа да көптеген мысалдар кездесуі ықтимал. Бұл ұқсастық, біздіңше, кездейсоқтық емес, түпкі сыры түркі халықтарының ұлттық ойлау, таным бірлігінің көрінісі деп білеміз. Топонимдік аңыздардағы 40 санының жиі қолданылуы да түркілік дүниетанымның әлі жұмбағы толық шешімін таппаған құпиясы сияқты аңғарылады. Сондықтан да жер-су аттарына қатысты аңыздарды түркілік ортақ дүниетаным тұрғысынан зерттеуді маңызды және перспективалы деп білеміз. Ол үшін түркі халықтарының топонимдік аңыздары жинақталып, ортақ бірліктері және оның мән-мағынасы ашылуы керек. Ал түркілік топонимдер бірлігі түркі жұртының алыс тарихтан бергі мекен етіп келе жатқан жер-суының тұтастығының тарихын баяндайды.

Әдебиеттер:

- Әбілқасымова К., Тамаев А. Қазақ фольклористикасы. Алматы: Білім, 2007. 240 б.
- Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Кәусар бұлақ. Екінші том. Алматы: Қазығұрт, 2005. 472 б.
- Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Эпос – ел қазынасы. Бірінші том. Алматы: Қазығұрт, 2005. 464 б.
- Классикалық зерттеулер. Көптомдық. Т.3. Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. 400 б.
- Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 том. Астана: Аударма. Бурбаев Т. Қазіргі қазақ менталитетінің ерекшеліктері. 2006. 543 б.
- Қасқабасов С.А. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2009.
- Қасқабасов С.А. Ойөріс. Алматы: Жібек Жолы, 2009. 303 б.
- Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 9-том. Арғы қазақ мифологиясы. 1-кітап. Алматы: Арыс, 2008. 528 б.
- Қырыққыз тас мүсіні туралы аңыздар // [Электронды ресурс] URL: https://el.kz/news/puteshestviepage/kirikkiz_tas_musini_turali_anizdar/ (Қаралған күні: 20.08.2024).
- Мамаділ Қ.А. Түркілік интеграциядағы тіл мәселесі туралы // Евразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. 2019. №2. Б. 118-123.

Рахымов Б. Түркологияға жаңа бағыт пен соны серпіліс керек // [Электронды ресурс] URL: <https://qa.bilim-all.kz/33/> (Қаралған күні: 20.08.2024).

Таймова Г.Ж., Бегманова Б.С. Түркі фольклорындағы құндылықтардың трансформациялануы // Керуен ғылыми журналы. 2022. №1 (74). Б. 180.

Тәуелсіз Қазақстан философиясы. 20-том. Астана: Аударма, 2006. 544 б.

Тұяқбаев Ғ.Ә. Қорқыт ата туралы аңыздар мен әңгімелер. Астана: Фолиант, 2018. 208 б.

Ху Чженхуа. Қырғыз ел аңызы «Қырық қыз» // [Электронды ресурс] URL: <https://docplayer.biz.tr/2652948-Kirgiz-milletine-ait-kirkkiz-efsanesi.html> (Қаралған күні: 20.08.2024).

Ыбыраев Ш. Бахадырова С. Түркі халықтарының фольклоры. Астана: Полиграфия, 2009. 432 б.

Beskempirova A.U. Great silk road legends and myths: «Forty legendary girl» // Bulletin the National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. 2019. Vol. 6. Number 382. P. 99-102.

Demiryürek M. Kirk kiz efsanesinin yazili kültürdeki iki örneği üzerine bir değerlendirme // Millî Folklor. 2017. № 29 (116), Sf. 47.

Sadık T. Türk Dünyası Edebiyat Tarihi. Ankara: Atatürk Kültür Merkezi Yayınları, 2002. 2 cilt.

Sakaoğlu S. Dede Korkut Kitabı İncelemeler - Derlemeler – Aktarmalar. Konya: Selçuk Üniversitesi Yayınları, 1998. 544 sf.

References:

Abilkasymova K., Tamaev A. (2007) Kazak fol'kloristikasy [Kazakh folkloristics]. Almaty: Bilim. 240 p. (in Kaz)

Berdibay R. (2005) Bes tomdyk shygarmalar zhinagy. Epos – el kazynasy. Birinshi tom [Collection of works in five volumes. Epic is a treasure of the country. The first volume]. Almaty: Kazygurt. 464 p. (in Kaz)

Berdibay R. (2005) Bes tomdyk shygarmalar zhinagy. Kausar bulak. Ekinshi tom [Collection of works in five volumes. Kausar Bulak. The second volume]. Almaty: Kazygurt. 472 p. (in Kaz)

Beskempirova A.U. (2019) Great silk road legends and myths: «Forty legendary girl» // Bulletin the National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Vol. 6. No 382. P. 99. (in Eng)

Demiryurek M. (2017) Kirk kiz efsanesinin yazili kulturdeki iki ornegi uzerine bir degerlendirme [An Evaluation on the Two Samples of the Literacy of Forty Girls' Legend] // Millî Folklor. No 29 (116), P. 47. (in Tur)

Hu Zhenghua. Kyrgyz el anyzy «Kyryk kyz» [Kyrgyz country legend "Forty Girls"] // [Electronic resource] URL: <https://docplayer.biz.tr/2652948-Kirgiz-milletine-ait-kirkkiz-efsanesi.html> (accessed: 20.08.2024) (in Kaz)

Kaskabasov S.A. (2009) Kazak adebiyetinin tarihy [History of Kazakh literature]. (in Kaz)

Kaskabasov S.A. (2009) Oioris [Thought field]. Almaty: Zhibek Zholy. 303 p. (in Kaz)

Kazak halkynyn filosofiyalyk murasy. 20 tom (2006) [Philosophical heritage of the Kazakh people. Volume 20]. Burbaev T. Kazirgi kazak mentalitetinin erekshelikteri. Astana: Audarma. 482 p. (in Kaz)

Klassikalyk zertteuler. Koptomdyk. T.3 (2012) [Classical research. Multithreaded. V.3]. Almaty: Adebiety alemi. 400 p. (in Kaz)

Kondybay S. (2008) Tolyk shygarmalar zhinagy. 9-tom. Argy kazak mifologiyasy. 1-kitap [Full collection of works. Volume 9. Ancient Kazakh mythology. Book 1]. Almaty: Arys. 528 p. (in Kaz)

Kyrykkyz tas musini turaly anyzdar [Legends about the stone statue of forty girls] // [Electronic resource] URL: https://el.kz/news/puteshestviepage/kirikkiz_tas_musini_turali_anizdar/ (accessed: 20.08.2024) (in Kaz)

Mamadil K.A. (2019) Turkilik integraciya dady til maselesi turaly [On the problem of language in Turkic integration] // Evraziya gumanitarlyk institutynyn habarshysy. No 2. P. 118-123. (in Kaz)

Rahymov B. Turkologiyaga zhana bagyt pen sony serpilis kerek [Turkology needs a new direction and a breakthrough] // [Electronic resource] URL: <https://qa.bilim-all.kz/33/> (accessed: 20.08.2024) (in Kaz)

Sadik T. (2002) Turk Dunyasi Edebiyat Tarihi [Literary History of the Turkish World]. Ankara: Ataturk Kultur Merkezi Yayinlari. 2 cilt. (in Tur)

Sakaoglu S. (1998) Dede Korkut Kitabi İncelemeler - Derlemeler – Aktarmalar [Dede Korkut Book Reviews - Compilations - Transfers]. Konya: Selçuk Universitesi Yayinlari. 544 p. (in Tur)

Taimova G.Z., Begmanova B.S. (2022) Turki fol'kloryndagy kundulyktardyn transformaciyanuy [Transformation of National Values in Turkic Folklore] // Keruen scientific journal. No 1 (74). P. 180. (in Kaz)

Tauelsiz Kazakstan filosofiyasy. 20-tom (2006) [Philosophy of independent Kazakhstan. Volume 20]. Astana: Audarma. 235 p. (in Kaz)

Tuyakbaev G.A. (2018) Korkyt Ata turaly anyzdar men angimeler [Legends and stories about Korkyt Ata]. Astana: Foliant. 208 p. (in Kaz)

Ybyraev Sh., Bahadyrova S. (2009) Turki halyktarynyn fol'klory [Folklore of Turkic peoples]. Astana: Poligrafiya. 432 p. (in Kaz)

¹Туйакбаев Г.А. ²Ботабаева Ж.Т. ³Башенова А.М.

^{1,2,3}Қызылординский университет имени Коркыт Ата, Қызылорда, Қазақстан
E-mail: ¹turmagambet@mail.ru, ²janat_kz_83@mail.ru, ³aliner81@mail.ru

ЧИСЛО 40 И ДЕВИЧЬЯ БАШНЯ В ТОПОНИМИЧЕСКИХ ЛЕГЕНДАХ ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ НАРОДОВ

Аннотация. Обобщение топонимических легенд тюркских народов и их исследование с позиций тюркского мировоззрения, несомненно, даст возможность выявить многие общие историко-познавательные, традиционно-эстетические ценности. Топонимы и связанные с ними легенды, во-первых, передают информацию об определенном историческом периоде, об обычаях и традициях, во-вторых, они показывают уровень национально-художественного мышления народа в познании окружающей среды, т.е. связаны с его безудержной фантазией. Многие топонимические легенды тюркских народов объединяют общий сюжет, общие тематические и идейные чаяния, верования, художественные детали. Но не все художественные детали, часто используемые в легендах, понятны всем. Например, в чем смысл числа 40, которое часто встречается в легендах о Коркыт Ата? Что означает образ-символ «Девичья башня», общий для ряда легенд? В статье уделяется внимание этим и другим вопросам, рассматривается единство мыслей, убеждений тюркских народов, которые нашли отражение в топонимических легендах. Ученые-востоковеды начиная с XIX века занимались сбором и изучением топонимических легенд тюркских народов Центральной Азии, но основное внимание уделяли их жанровым, тематическим, стилевым, историко-познавательным характеристикам. Сегодня, когда вопрос целостности современных тюркских народов – один из важных вопросов, стоящих на повестке дня, тема является актуальной и имеет ценное практическое значение. Исследования в этом направлении позволят научно обосновать единство системы мышления, историко-генетическую,

культурно-духовную связь тюркских народов. В статье при изучении топонимических легенд братских тюркских народов использованы историко-познавательный, историко-сравнительный методы исследования.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Казахские топонимические легенды за рубежом (Россия, Китай, Монголия): типология, генетика и поэтические особенности» (регистрационный номер AP19678046).

Ключевые слова: современное тюркское мировоззрение, топонимические легенды, общий сюжет, единицы деталей, топонимы, фольклор, топонимические легенды.

¹Tuyakbayev G.A. ²Botabayeva Zh.T. ³Bashenova A.M.

^{1,2,3}Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

E-mail: ¹turmagambet@mail.ru, ²janat_kz_83@mail.ru, ³alinur81@mail.ru

THE NUMBER 40 AND THE GIRL'S TOWER IN TOPONYMIC LEGENDS OF THE TURKIC PEOPLES

Abstract. Collecting the toponymic legends of the Turkic peoples and studying them from the perspective of the Turkic worldview will undoubtedly open the way to identifying and knowing many common historical-cognitive, traditional-aesthetic values. First, the names of places and waters and legends related to them inform about a certain historical period, environment, and traditions. Second, they are related to the degree of national artistic thinking of the people in recognizing and evaluating the environment and their vivid imagination. The toponymic legends of the Turkic peoples reflect a standard plot, common thematic and ideological aspirations, beliefs, and artistic details. Many of the artistic details frequently employed in legends remain shrouded in mystery, adding an element of intrigue for the public. For example, what is the secret of the number 40, which is often used in connection with the legends of Korkyt ata? What is the standard interpretation of the “Girl's tower” concept in various toponymic legends? This article is dedicated to exploring these and other intriguing aspects, and it aims to foster a sense of connection by examining the shared unity of thought and belief in the land and water legends of the Turkic peoples. Although orientalists collected and studied the toponymic legends of the Turkic peoples of Central Asia from the 19th century, attention was mostly paid to their genre, thematic, stylistic, and historical-cognitive characteristics. Integration of the modern Turkic peoples is on the agenda, and this topic is distinguished by its relevance and practical value. Research in this direction allows scientific recognition of the historical-genetic, cultural-spiritual connection and kinship of the thought systems of the Turkic peoples. The article uses historical-cognitive and historical-comparative methods to study toponymic legends of fraternal Turkic peoples.

Acknowledgements: The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Kazakh toponymic legends abroad (Russia, China, Mongolia): typology, genetics and poetic features» (Registration number AP19678046).

Keywords: Modern Turkish worldview, toponymic legends, familiar plot, detailed units, toponyms, folklore, toponymic names.

Авторлар туралы мәлімет:

Тұяқбаев Ғабит Әнешұлы, филол.ғ.к., профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

Ботабаева Жанат Тұңғышбайқызы, филология ғылымдарының магистрі, Қорқыттану ғылыми орталығының ғылыми қызметкері, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

Башенова Әлия Молдабекқызы, филология ғылымдарының магистрі, Қорқыттану ғылыми орталығының ғылыми қызметкері, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Туякбаев Габит Анешович, к.филол.н., профессор, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан.

Ботабаева Жанат Тұңғышбайқызы, м.филол.н., Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан.

Башенова Алия Молдабекқызы, м.филол.н., Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан.

Information about authors:

Tuyakbayev Gabyt Aneshuly, professor, candidate of phil. sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.

Botabayeva Zhanat Tungyshbaykyzy, Master of Philological Sciences, researcher Scientific center «Korkyt studies», Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.

Bashenova Aliya Moldabekovna, Master of Philological Sciences, researcher Scientific center «Korkyt studies», Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.